

**Жанғара Дәдебаев,**  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры,  
филология ғылымдарының докторы, профессор

## **МҮБӘРӘК**

### **Эссе**

Мүбәрәк Бейсенбекұлы - қанатты адам. Қанат болғанда тек қана Мүкеңнің өзіне тән қанат. Адамның қанатты болуының мәні қат-қабат. Оған түсінік беру қажет емес, оны түсіну керек. Әркімде әрқандай түсінік бар, әркім әрқалай түсінеді. Қанатты адам үшін оның қанаттылығын кімнің қалай түсінетіні маңызды емес. Қанат бар адамда айрықша қуат болады. Ол да қанатты адамда ғана болатын қуат. Қанатты адам қанат қақпай тұра алмайды. Мүкең өзіне ғана тән қанатын өзіне тән қуатпен қағады. Мұндай ерекше қуат Мүкеңнің бойына бірнеше сала, бірнеше желіден келіп құйылады. Бір сала болып білім, екінші сала болып ғылым, үшінші сала болып жазушылық, өзінше бір сала болып ақындық қуат тасығанда, Мүкең шығармашылықтың шырқау биігінде шарықтайды. Бойы мен ойына табиғат дарытқан осы қуат Мүкеңнің білім мен ғылым аспанында, өзі бар уақыты мен еңбегін арнаған сөз өнерінің зеңгірінде еркін парлауына мүмкіндік берді.

Білім мен ғылым аспанында, сөз өнерінің көкзеңгірінде еркін парлаудың өзіндік сүйініші болатынға ұқсайды. Оның жанға шипа лебін сезінген жанның көктен жерге түскісі келмейтін көрінеді.

Сәті түскенде, Мүкеңмен Шымбұлақтың шыңында кездесіп қалдым. Мәз-мейрам болып жолығыстық. Қасында бір жігіт бар екен. Мүкең ол жігітті:

- Оралдан ұшқан Көкқаршыға, - деп таныстырды. Аспирантураға жаңадан түсіпті.

Біздер аспирант едік. Мүкең алда, аспирантураны келер жылы бітіреді. Мен Мүкеңнен бір жыл кейін бітіремін. Көкқаршыға менен кейінірек. Жақсы, жарқын әңгімелестік. Шымбұлақтың шыңынан түскіміз жоқ. Бірақ жерге түспей бола ма. Қайтар мезгіл жақындаған кезде:

- Мүке, Сізді көрмегелі көп болды. Қайда жүр екен десем, Шымбұлықтың шыңында отыр екенсіз. Өзіңізбен жүздесіп, көңіліміз шайдай ашылды. Жерге қашан түсесіз? Жүріңіз, бірге түсейік, – дедім.

Мүкең асықпады. Әлден соң ерекше мәнермен бір ауыз сөз айтты:

- Шымбұлақтың шыңына отырмайын десем, қанатым талады, жерге түссем, декан ұстап алады.

Екеуіміз шек-сілеміз қата күлдік. Мүкеңнің сөзінің төркінін аңғарған Көкқаршыға бізге қосыла күлді. Үшеуіміз бірдей шек-сілеміз қата рақаттанып күлген сөздің түп-төркінінде Мүкеңнің ілгеріде жасаған атақты құсбегі атасының атына байланысты халық аңызының желісі бар болатын. Халық

аңызының желісі бойымен әдемі айтылған сөз Мүкеңнің әдемі көңілкүйін аңғартқандай еді.

Шымбұлақтың шыңынан түстік. Шығуымыз қиынға түсіп еді. Түсуіміз оп-оңай болды. Көкқаршыға ұшып кетті. Біз қара жолда қатар жүріп келе жаттық. Алдымызда, айналамызда таудай болып тұратын алып шындар селдіреп, көрінбеуге айналыпты.

Осыдан екі-үш жыл бұрын Мүкең 70 жасқа толды. Мүкеңнің 70 жылдық мерейтойына арналған жиналыста мына сөзді оқып бердім:

*Аса құрметті Мүбәрәк Бейсенбекұлы!*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институты Сізді, Жамбыл атындағы Қазақ фольклоры мен әдебиетін зерттеу орталығының директорын, жетпіс жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды.*

*Сіз - еңбек жолыңызды ауыл мектебінде ұстаздықтан бастап, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ұстаздықпен жалғастырған, жарты ғасыр бойы жастарға тәлім-тәрбие беруден, білім үйретуден жалықпай келе жатқан жаны жайсаң, мінезі жібек абзал азаматсыз. Халықтың танымына қарағанда, дүниеде ұстаздықтан асқан ардақты іс жоқ. Өйткені атамыз Адамға ұстаздық еткен, білім берген Алла тағаланың өзі екен. Сіз ұстаздық атты осы бір ардақты және аса мәртебелі қызметте еліміздің білім беру ісінің дамуына, білім беру ісінің білікті мұғалімдерін, жоғары білімді мамандарын даярлауға, қоғамның интеллектуалдық кемелденуіне үлкен үлес қостыңыз.*

*Сіз ғылымдағы жолыңызды әдебиеттегі, қазақ әдебиеттануындағы ең бір күрделі, аса іргелі мәселені зерттеуден бастадыңыз. Ақындық айтыс өнерінің ақиығы, Жамбыл пір тұтқан Сүйінбай ақынның шығармашылығы туралы «Сүйінбай Аронұлының поэзиясы және оның тарихи негіздері» деген тақырыпта диссертация қорғадыңыз, ұлы импровизатор Сүйінбай Аронұлының өмірі мен шығармашылығын, ақындық өнерін тұтас қарастырған монографиялық іргелі зерттеу жаздыңыз. Мұндай ірі және ерекше сипатты ғылыми мәселені түбегейлі зерттеп, арнайы диссертация, іргелі монографиялық зерттеу жазу сияқты ерен еңбек қайратты және қанатты адамның ғана қолынан келуге тиіс еді. Сіздің қолыңыздан келді. Өзіңізге біткен қанатты қуат, алымды ақылыңыз бен ерен еңбегіңіз Сізді Сүйінбайтанудың асқар биігіне алып шықты. Одан беріде «Пірім менің – Сүйінбай: монография» (1992), «Ақындық өнер өрісі: монография» (2003), «Импровизация и жизнь: монография» (2004), «Еншілес ел ақындары: монография» (2007), «Өтеген батыр тұлғасының әдеби-тарихи негіздері: оқу құралы» (2012), «Сүйінбай: монография» (2015), «Сүйінбай айтыстары және өмір шындығы: монография» (2015), «Қазақ-қырғыз халық ақындары» (2017), «Көңілдің кейбір кездері: әдеби толғаныстар мен пайымдар» (2018) секілді еңбектер жазып, оларды білім алушы жастарға, магистранттар мен докторанттарға, жас ғалымдарға, зерттеушілер мен оқытушыларға, көпшілік қауымға ұсындыңыз. Жүзден астам іргелі еңбектеріңіз отандық*

*және шетелдік баспасөз беттерінде жарияланып, елдің игілігіне пайдаланылуда.*

*Сіздің ғылыми зерттеулеріңіз бен лекцияларыңыздың тереңінде ғылым мен білімнің таза да тұнық көзі бар. Ондай тереңге, ондай тереңнен білім бұлағының таза да тұнық көзін ашуға екінің бірі емес, өзіңіз сияқты ілуде біреу ғана жетеді. Сіздің сол тереңге бойлап тапқан асылыңыздың лебі еңбектеріңізді оқыған, лекцияларыңызды тыңдаған шәкірттеріңіздің көзін ашады, көңілін тербейді, мейірін қандырады. Сіздің, Ұлттық университеттің ұлағатты ұстазының, еңбектерін оқыған, лекцияларын тыңдаған шәкірттеріңіздің көзінің ашылуы, көңілінің тербеліп, тазаруы, мейірі қануы – қоғамның ақыл-ойының, рухани-әлеуметтік дамуының кемел деңгейге жетуіне қызмет ететін айрықша күй. Ондай күйге түсіру барда, қасиет бар. Мұндай қасиеттің негізі кісінің табиғатында жатады. Сіздің ғылым мен білім саласындағы қызметіңіздің бағалылығы мен баяндылығы табиғатыңыздың осындай қасиетінің нәзік һәм асыл сипатында.*

*Ардақты Мүбәрәк Бейсенбекұлы, Абай институты Сізді жетпіс жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, Сізге, отбасыңызға амандық-саулық, зор бақыт, құт-береке тілейді. Білім мен ғылымның сайыпқыранындай самғай беріңіз! Қанатыңыз талмасын!*

*Құрметті Мүбәрәк Бейсенбекұлы, аспирант кезімізден бүгінгі күнімізге дейін бірге жүріп келеміз. Жарты ғасырдай бір жүріп, бірге қызмет еткенде, менің Сізге өкпе артқан, ренжіген жерім болған жоқ. Мен болсам, бірде болмаса, бірде Сіздің жібектей желбіреген ақжелең көңіліңізді қалдырып алдым-ау деп алаңдаймын, кеш болмай тұрғанда кешірім сұраймын.*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
университеті Абай ғылыми зерттеу институтының  
директоры, проф.*

*Ж.Дәдебаев*

*Алматы, 2018 жыл, 2 наурыз*

Одан бері көп уақыт өтпесе де, сирек кездесіп жүрдік. Мүкеңнің кейде Абай институтына келіп, әңгіме айтатыны бар. Жас қызметкерлер Мүкеңнің келгеніне де, айтқан әңгімесіне де көңілдері толып, жадырап, желпініп қалады. Қайтарында айтатын бір әдемі сөзі бар: «Сіздерді көріп көңілім рәушан болды. Сау болыңыздар».

Мүкеңді көргенде менің де көңілім рәушан болады. Аузын ашып, амандық-саулық сұрасқаннан-ақ көзінен де, жүзінен де жанға жайлы бір ерекше нұр тарала бастайды. Тіпті көп жыл бойы көрмеген бір қадірлі адамымен ойда жоқта жолығып қалғандай нұрланады.

Жүрегі аяулы. Жүрек айнадай жарқырап, тап-таза қалпында тұрса, адам да айналасына жайнап, жарқырап қарайды. Жүректі жаратушы жасап берген қалпында сақтау, сақтап қалу, сәл кір түссе, сол сәтте шайып тастап, қайтадан айнадай жарқыратып қою – адамшылықтың алды. Мүкеңнің жарқыраған

жүрек айнасынан кейде өзімді көргендей боламын. Ондайда өзіме өзімнің көңілім толмайтыны да болады.

Мүкеңнің ғылыми шығармашылығының нысаны - ақындық айтыс. Ақындық айтыс өнерінің табиғаты ерекше. Айтыстың тақырыптық кеңістігі тарихтың мезгілдік және мекендік шегін, өмірдің түрлі салаларын түгел қамтиды. Айтыс ақыны сөзге шебер, қиялы ұшқыр, қисынға жүйрік болумен қатар елдің арғы-бергі тарихына жетік, дәстүрлі дүниетанымын, тіршілік философиясын терең игерген шалқыған білім иесі болуы шарт. Онда көркем сөздің небір көрікті бейнелеу құралдарының жарығы мен жарқылы жарқырап ашылып, жанар жасқауы, тыңдаған жұрттың құлағының құрышын қандыруы қажет. Ақындық айтыста айтысушылардың әрқайсысы өз ойының дәлелділігін, артықшылығын, қарсыласының ойының негізсіздігін, терістігін дәлелдеуге күш салып, сөзінің әрі мен ойының нәрін осы мақсатқа жұмсайды. Бұл жерде ойдың ғылыми негізі, шешендік өнердің амалдары мен тәсілдері, сахна өнерінің ерекшеліктері өзара тоғысып, жалпы мәнімен де, жеке-дара сипатымен де маңызды қызмет атқарады. Мұндай күрделі, іргелі құбылысты саралап талдау, сараптап бағалау зерттеушіден кешенді, жоғары біліктілікті талап етеді. Мұндай талапқа ерен еңбек етіп, терең теориялық білім тапқанда, зерттеудің заманауи амалдары мен тәсілдерін шеберлікпен меңгергенде ғана жауап беруге болады. Мүбәрәк Бейсенбекұлы жоғарыда сипатталған зерттеу еңбектерінде ғылымның осындай қиын, күрделі де іргелі мәселелерін заман талабына сай шешіп, тамаша ғылыми нәтижелерге қол жеткізді.

Сүйінбай Аронұлының айтыстағы өнерін зерттеу барысында ғалым қазақ пен қырғыздың кітіпханаларының қолжазба қорлары мен мұрағаттарындағы деректерді іздеп, аса мол жәдігерлерді жинап алды. Сүйінбай мен Тезек төре, Сүйінбай мен Қатаған айтыстарының айналасында тапқан дерек көздеріне сүйене отырып, осы екі айтыстың тарихын әрбір кезі мен кезеңіне дейін қалпына түсіріп, тұтасқан суретке айналдырып саралайды.

Сүйінбай мен Қатаған айтысы қырғыздың игі жақсылары мен қалың жұртының алдында өтеді. Айтысты Қатаған бастап, тау суындай сарқырап, желдей есіп, борандай ұйтқып, бет қаратпай соғып, әрең тоқтайды. Сонда Сүйінбай делебесі қозып, арқасы ұстап алқынып отырған қалпы қас қағым сәт кідіріп қалған екен. Тезек төре Қатағанның аққан селдей тасыған сөзіне қарсы Сүйінбай лайықты қайрат көрсете алар ма деп толғанып, қара терге түсіпті. Төренің түсі қашып кеткенін көрген Бөлтірік би сонда орнына ұшып тұрып:

- Ей, төре! Қашырма қаныңды! Сүйінжан, шығар даусыңды! – десе керек. Сол сәт Сүйінбай Бөлтірік бидің сөзін алға ұстап:

Қашырма, төре, қаныңды... –

деп, өрттей лаулап, өндіре жырлап, саулай жөнелген екен [1, 182-183; 2, 238-240].

Қатаған қараборандатып, қаптатып соққанда, арқасы ұстап, шыдай алмай, өзін әрең ұстап отырған Сүйінбайдың қас қағым сәт кідіріп қалғандай қалып танытуы – ақындық өнер тарихында сирек те болса кездеседі. Ондайда жанашыр бір жанның жұртты селт еткізіп айтқан бір ауыз сөзі тұтас бір толғаудың алдын ашар кілті сияқты әсер ететіні болады. Бөлтірік бидің бір ауыз сөзі Сүйінбайға осындай әсер етеді.

Айтыстың басындағы осы ахуал Сүйінбай мен Қатаған айтысының көпшілікке белгілі басылымдарында сипатталмайтын. Зерттеуші өзінің зерттеуінде айтыстың басында болған осы ахуалды қырғыз мұрағаттары мен қолжазба қорларындағы дерек көздері негізінде қалпына келтіреді. Автор осылайша Сүйінбай мен Қатаған айтысының, айтыс айналасында бірнеше тарихи тұлғалар өмірінің көпшілікке белгісіз болып келген ерекше қырларын ашады.

Халықтың батырлар жырында, ерлік эпосында, халық ақындарының шығармашылығында көрініс тапқан дәстүрлі сарындардың бірі – батыр мен айдаһардың соғысы. Халық шығармашылығында, Жамбылдың «Өтеген батыр» дастанында, Қалқа Жапсарбаевтың «Орақты батыр» дастанында көрініс тапқан осы сарынды саралай келе, зерттеуші оның түпкі төркініне бойлады. Еуразияның ерлік эпосының дариядай шалқып жатқан айдынында қаздай қалқып, балықтай батып жүзді, тұнығынан қанып ішті. Мысырдың сырына бойлап, қырына шықты. Кейіпкердің жезтырнақ, айдаһар, әбжыландармен шайқасы әлемдік әдебиетте бар, кең тараған сюжет екенін аңғарды [1, 101]. Ежелгі Египет пырғауындарының әлеміне енді. Пырғауындардың әбжылан, айдаһар бейнесі арқылы халықты үнемі үрейде, қорқынышта ұстап отырудың амалдарын ойлап тапқанын, бас киімдерінің маңдай тұсына иіріліп атылуға дайын улы жыланның суретін салып қойғанын сипаттай келіп, олардың ойы өздерінің өте айбатты, күшті екенін, ырықтарына көнбегендерді құртып жіберу екенін білдіреді. Одан соң ғалым өз ойын былай түйеді: «Сөйткен пырғауындардың да соңында моральдық тұрғыда мардымды, мақтарлық, тым болмаса, елеп-екшерлік әдеп-өнегелері қалмады. Атақ, даңққұмарлық естерін алғаны соншалықты, неше түрлі салтанатты сарайлар салдырып, әуелеген пирамидалар тұрғызды. Жандарының тәттілігі сол, өлгілері келмеді, астамшылыққа салынып, өздерін құдаймыз деп жариялады... Өле кеткеннің өзінде де құл-құтандары мен күндері ол дүниеде өздеріне қызмет етеді, мына алтын-күміс байлықты суша сапыра береміз деп, оларды өздерімен бірге көрге ала кетті» [3, 66].

Пайымдау нысаны болып отырған құбылыс аясында мынадай құрамдастар бар: а) пайымдаушы; ә) пайымдалушы; б) пайымдаудың құралдары. Пайымдаушы деп отырғанымыз – автор-зерттеуші. Пайымдалушы – зерттеу нысаны болып отырған әлеуметтік өмір шындығы. Пайымдаудың құралы – пырғауындар дәуірінен қалған тарихи затты материалдық белгілер. Автор-зерттеуші өзінің зерттеу нысанын әлеуметтік таным тұрғысынан саралап, бағалайды. Пырғауындар дәуіріндегі дүниеге деген көзқарастың құнсыздығын сынап, ақындар шығармашылығында

насихатталған әлеуметтік құндылықтардың азбайтын, тозбайтын маңызын ардақтайды.

Ертедегі Египет пырғауындарынан қалған кереметтерді көріп, оны жасатқандар мен жасағандарға өнері асқан жасампаздар деп қарайтын түсініктің шегінде жүруші едім. Оным дұрыс емес екен. Мүкең мына сөзімен сол түсінікті де, оның елесін де көңілімнен алып тастағандай болды. Әлгі кереметке енді басқаша көзбен қарайтын болдым. Мүкең айтқандай, пырғауындардың өздері өлгенде құл-құтандары мен күндерін ол дүниеде өздеріне қызмет етеді деп, өмір бойы жинаған алтын-күмістерін сонда суша сапыра береміз деп, өздерімен бірге көрге ала кетуі ойландырмай қоймайды екен. Көз алдымызға өзіміздің «Алтын адамдарымыз» келеді. Көрге түсіп, асыл тас, алтын бұйым ұрлағандар елес береді. Әр дәуірдің дүниеге бой алдырған жандарының бейнелері көлбеңдейді.

Кедейдің бай болсам дейтіні, байдың құдай болсам дейтіні әуелден бар. Елдің, жердің байлығы мемлекеттің меншігінен шығып, жеке тұлғалардың меншігіне айналу барысында осындай аран ашыла түсетіні де әлімсақтан белгілі. Адамзат пырғауындардай болуға ұмтылмайды, болмаса да ұқсап бағуға күш салмайды деп кесіп айтуға, сеніп айтуға негіз жоқ.

Нақты шығармашылық тұлғаның, нақты әдеби шығарманың өзегіндегі белгілі бір сарынды саралап талдай отырып, адамзаттың арға-бергі тарихына терең бойлау, терең ойлау және халықтық мазмұны, танымдық, тағылымдық мәні шалқыған философиялық қорытынды жасау әдебиеттанушының, мәдениеттанушының, ия болмаса философтың өресі жете беретін іс емес. Мұндай жалпыадамзаттық мәні бар ой бастау, пікір айту әдебиеттанушы әрі тарихшы, әдебиеттанушы әрі мәдениеттанушы, әдебиеттанушы әрі философ, орасан ойлы шығармашылық тұлғаның ғана қолынан келмек. Зерттеуші өз ойын осындай орасан биіктен, ақыл-ойдың осындай асқан асқарынан ұшырады.

Ғалымның таным тереңдігі, білім байлығы, дарын даралығы айрықша жарқырап ашылатын «Ақындық өнер өрісі: монография» (2003), «Сүйінбай айтыстары және өмір шындығы: монография» (2015), «Қазақ-қырғыз халық ақындары» (2017) еңбектері - қазақ әдебиеттану ғылымындағы үлкен жетістіктер. Оларда айтыс ақындарының өмірі, заманы, замандастары, ұлттық құндылықтары туралы толып жатқан деректер кітапханалардағы сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорының, ұлттық мұрағаттардың дерек көздеріне негізделген. Тарихи мәні зор көптеген деректер мен мәліметтер ғылыми айналымға алғаш рет түскен. Осы аталған еңбектердің әрқайсысы ғылыми талдаудың тиянақтылығымен, ғылыми жинақтау жасаудың жүйелілігімен, ғылыми пікір негіздеудің дәлелділігімен, ғылыми баяндаудың стильдік саралығымен ерекшеленеді.

Ғалым еңбектерінің ғылыми мәні терең, терең ғана емес, айдынды. Оның байтағында ерекше бай мазмұнымен дараланатын бірнеше пәнаралық тоғысулар бар. Әдебиеттану мен фольклортану, әдебиеттану мен тілтану, әдебиеттану мен дінтану, әдебиеттану мен тарих, әдебиеттану мен

мәдениеттану, әдебиеттану мен өнертану, әдебиеттану мен философия... – зерттеушінің талдаулары мен жинақтаулары, ой қорытуы мен пікір түйюі осы тоғысулардың бірінің ғана емес, бәрінің түйіскен, кіріккен бірбүтін жүйесінде өріледі. Ғылыми зерттеудің әдіснамасын, методологиясын жете меңгеру мен оны нақты зерттеуде жөнін тауып, орнымен қолданудың, шығармашылықпен пайдаланудың мұндай үздік үлгісі ғылыми ойлаудың күннің көзінде жасампаз қуатынан туады. Күннің көзінде жасампаз қуат жан-жүрегі айнадай жарқыраған ұстаз-ғалымда, орасан ойлы шығармашылық тұлғада болады.

Маған Мүбәрәк Бейсенбекұлы Үмбетаевтың бейнесі айнадай жарқыраған жан-жүрегінде күннің жарығындай жасампаз қуат көзі бар ұстаз-ғалым, орасан ойлы шығармашылық тұлға болып көрінеді.

#### ӘДЕБИЕТ

1. Үмбетаев М. Сүйінбай. Монография. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2015. – 272 б.
2. Үмбетаев М. Көңілдің кейбір кездері: әдеби толғаныстар мен пайымдар / М.Үмбетаев. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2018. – 356 б.
3. Үмбетаев М. Өтеген батыр тұлғасының әдеби-тарихи негіздері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 133 б.

16.06.2020